

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Шымкент университеті

«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы

МІНДЕТТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Мамандық атауы:	Дене шынықтыру және спорт
Мамандық шифры:	5В010800
Дайындау бағыты:	Білім
Берілетін дәреже:	Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім бакалавры

**5B010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша
міндетті пәндер каталогы**

Пәндер циклдарының қысқаша аталуы	Пәндер мен оның негізгі бөлімдерінің аталуы	Кредит көлемі
1	2	3
ЖБП	Жалпы білім беру пәндері	21
KKZT 1101	<p>Қазақстанның қазіргі заман тарихы Пререквизит: жоқ Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Мазмұны: XXғ. Бірінші жартысындағы Қазақстан. Кеңестер билігі тұсындағы Қазақстан. Қазақстандағы 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы. Қазақстан шетел интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жылдар). Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат. Өлкедегі кеңестік мемлекеттік құрылыс. Қазақстан Ұлы Отан соғысы кезінде 1941-1945жж. 1946-1970 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық экономикалық жағдайы. 1970-1980 жж. Қазақстан Ғылыми-техникалық прогрестің өндірісіне енгізіле бастауы. Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Реформалардың сәтсіздікке ұшырауы және дағдарыстың өршуі. Қайта құру жылдарындағы Қазақстан саясатының негізгі кезеңдері және оның сипаттамасы. Қазақстан қайта құру мен тәуелсіздік жолында. Қазақстан Республикасының жариялануы. Қазақстан – тәуелсіз егеменді мемлекет. Саясат саласындағы стратегиялық мақсаттар. ҚР мемлекеттік рәміздерінің қабылдануы. Жаңа сайлау жүйесінің қабылдануы.</p>	3(135)
Fil 2102	<p>Философия Пререквизит: Қазақстан тарихы Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Мазмұны:Философия мәдениет феномені ретінде. Философия пәні және қызметтері. Мәдени – тарихи контексттегі философия. Мәдениет контекстіндегі философияның тарихи типтері. Ежелгі үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені ретінде. Қытай мәдениетінің гүлденуі кезіндегі ежелгі Қытай философиясы. Антика мәдениетіндегі философия. Ортағасырлық мәдениеттегі философия фонемні. Ислам мәдениеті аясындағы арап-мұсылман философиясы. Батыс Еуропалық орта ғасырлық мәдениеттегі философия және дін фонемні. Қайта өрлеу және реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа заман мәдениетіндегі батыс еуропалық философия. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі батыс еуропалық философия. Орыс философиясы XIX-XX ғ.ғ. ресейлік мәдениеттің феномені ретінде. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені. XX ғ мәдениетіндегі Кеңестік философия. XX ғ. және XXI ғ аясындағы батыс философиясы. Болмыс философиясы. Философиялық антропология. Әлеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Махаббат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Саясат философиясы. Білім беру философиясы. Диалектика теориясының мәселелері. Эпистемология. Ғаламдық (жаһандық) мәселелердің философиясы.</p>	3
Sht 1103	<p>Шет тілі Пререквизит: жоқ Постреквизит: Кәсіби бағытталған шет тілі Күтілетін нәтиже: Оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы. Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі. Жазу: тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тіліне тілдік нормаларға сай аудару. Тыңдау: күнделікті кездесетін, ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау. Мазмұны:Оқытылатын шетел тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары. Фонетика: шетел тілінің айтылу, ырғақтық – интонациялық ерекшеліктері, дыбыстық жүйенің рецепциясы мен репродукциясы. Орфография: тілдің дыбыстық – әріптік жүйесі, негізгі орфографиялық ережелер. Лексика: сөзжасам</p>	6

	модельдері; көлемі негізгі тілдің 2500 бірлігін құрайтын лексикалық минимум, сонымен қатар мамандықтың профиліне сай терминдер; қолданыс кеңістігіне сай лексиканың дифференциясы. Грамматика: негізгі сөз таптары - зат есім, сын есім, үстеу, етістік, артикль, есімдік, предлог; жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің құрылымы, сөзжасамның негізгі модельдері.	
К(О)Т 1104	<p>Қазақ (орыс) тілі Пререквизит: жоқ Постреквизит: Кәсіби қазақ (орыс) тілі Күтілетін нәтиже: Оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы. Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі. Жазу: тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тіліне тілдік нормаларға сай аудару. Тыңдау: күнделікті кездесетін, ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау. Мазмұны: Жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейту, грамматикалық формалар мен құрылымдарды оларды сөз қолданыстағы деңгейі дәрежесінде меңгерту. Мамандығы бойынша лексикалық және терминологиялық минимумдарды меңгеру. Әңгімелесу, мазмұндау, хабарлау сынды түрлі тілдік қызметтер жүйесін құру. Грамматикалық формалар мен құрылымдарды функционалды көріністе дұрыс қолдана білу. Әртүрлі сөйлеу қызметі түрлерінде (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өзекті, бейімделген және өңделген қиын емес прагматикалық мәтіндерді, диалог мен монологтарды ауызша және жазбаша түрде тақырып бойынша өңдеу. Кәсіби оқу тілін дамыту: а) оқудың тыңдаудың дағдылары мен қалпын қалыптастыру, әдебиеттерді мамандығы бойынша конспектілей білу; б) оқулықтар мен дәрістерге жақын, сәйкес келетін ғылыми оқу мәтіндерінің түрлерін, кәсіби оқу тақырыптары бойынша диалогтар мен монологтар құра білу; в) айтылымның негізгі құрылымдық – мағыналық түрлерін: монолог – сипаттау, монолог – мазмұндау, монолог – талқылау, диалог – әңгіме, диалог – сұхбат түрлерін жеделдетіп (интенсивті) оқыту.</p>	6
ICT 1105	<p>Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (ағылшын тілінде) Пререквизит: Постреквизит: Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларының негізгі түсініктері. Қазіргі информатика құрылымы. Ақпарат, оның түрлері мен қасиеттері. Дискретті математиканың негіздері. Логика негізі, айтылым логикасы, логикалық байланыстар, ақиқаттылық кестелері. ЭЕМ-нің архитектурасының негізгі түсініктері. Компьютер архитектурасының тарихы мен оған шолу. Компьютердің логикалық элементтері. Мәліметтің компьютер жадында бейнеленуі. Машинаны ұйымдастыру. Компьютер жадысының ұйымдастырылуы. Жады иерархиясы. Есептеудің алгоритмдік шешімі, алгоритмдік күрделілікті талдау. Негізгі есептегіш алгоритмдер. Бағдарламалаудың негізгі құрылғылары. Операциялық жүйелер мен желілердің негіздері. Файлдық жүйелер. Графика және Интернет. Графикалық программалық қамтамасыз етудің иерархиясы. Графикалық редакторлар.</p>	3
ТК 1.2	Таңдауы бойынша компонент	7
БП 2	Базалық пәндер	69
МК 2.1	Міндетті компонент	20
Ред 2201	<p>Педагогика Пререквизит: Қазақстан тарихы, психология және адамның дамуы, әлеуметтану, педагогикалық мамандыққа кіріспе. Постреквизит: этнопедагогика, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, оқыту әдістемесі. Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Адамзат тарихында білім берудің, мектептің және педагогикалық ой-пікірлердің дамуы. Педагогика тарихы мен білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Адамзат дамуының ерте кезеңінде тәрбиені ұйымдастыру формаларының туындауы. Ежелгі әлем. Ежелгі Шығыс және Көшпенді өркениет мемлекеттеріндегі тәрбие мен оқыту. Антикалық дәуірдегі білім берудің ерекшеліктері. Орта ғасыр дәуірі. Византиядағы педагогикалық ой-пікірдің дамуын оқыту. Орта ғасырда Индия мен Қытайдағы оқыту мен тәрбие.</p>	3

	<p>Таяу Шығыста, Орта Азиялық Ренессанс және Алтын Орда дәуірінде білім беру мен педагогикалық идеялардың дамуы (VI-XV ғ.ғ.) Европа мен Америка елдері тарихындағы білім беру, мектеп және педагогикалық ой-пікірлер. Ресей тарихындағы ағартушылық пен мектептің дамуы. Кеңестік кезеңдегі білім беру жүйесі мен педагогика ғылымы. Қазақстан тарихында мектептің, тәрбие мен педагогикалық ой-пікірлердің дамуы (XV-XVIII ғғ. Қазақ хандығы кезеңі). Қазақстандағы XIX-XXғ.ғ. білім беру мен педагогика ғылымы. Ғасырлар тоғысындағы білім беру жүйесі.</p> <p>Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері. Педагогика адам тәрбиесі туралы ғылым ретінде. Жеке тұлғаны дамытуға, қалыптастыруға, тәрбиелеуге, әсер ететін факторларға сипаттама және олардың әр түрлі жастағы топтарда көрінуі. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті – оқу – тәрбие үдерісі нәтижелілігінің шарты.</p> <p>Тұтас педагогикалық теориясы мен практикасы. Тұтас педагогикалық үдерістің (ТПҮ) мәні және құрылымы, оның заңдары мен заңдылықтары. Тәрбиенің мақсаты, оның әлеуметтік тұрғыдан негізделуі. Ғылыми дүниетаным – оқушының интеллектуалды дамуының негізі. Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің мәні мен мазмұны. Тәрбие үдерісінің формалары мен әдістері, құралдарының жүйесі. Балалар ұжымы – тәрбиенің объектісі және субъектісі. Сынып жетекшісі – сыныптың тәрбиелік жүйенің ұйымдастырушы. Отбасы тәрбиесінің негіздері. Тұтас педагогикалық үдерістің құрылымындағы оқыту. Қазіргі мектептегі білім мазмұны. Оқыту формалары, әдістері мен құралдары. Оқушылардың оқу жетістіктерін диагностикалау және тестілеу. Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық іс-әрекетін белсендіру. Білім берудегі инновациялық үдерістер және мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық технологиялар.</p> <p>Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін басқару. Тұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастырушылық-әдістемелік басқару, мектеп шеңберінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды аттестациялау. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін диагностикалау және жоспарлау. ҚР- да 12 жылдық орта білім беру моделіне көшу жағдайындағы білім беруді басқарудың жаңа тәсілдері.</p>	
DShSP 2202	<p>Дене шынықтыру және спорт педагогикасы Пререквизит: «мамандану» «пед мамандыққа кіріспе». Постреквизит: Күтілетін нәтиже: Болашақ мұғалімдерді мектептегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыра білуге дайындау, оларды сынып жетекшісі ретінде қалыптастыру керек. Жұмыс барысында тәрбиелік іс әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асыру технологиясын, тәрбие үдерісінің негіздерін танып білуде болашақ мұғалімдердің кәсіби педагогикалық құзыреттіліктердігін қалыптастыру керек. Қазіргі педагогиканың әдіснамалық негіздерін білу керек. Мазмұны:Пәні, басқа ғылымдармен байланысы, отандық және шет ел педагогикасының дамуы. Тұлғаны дамуы, тәрбиесі және қалыптасуы. Дене шынықтыру мен спорттың жалпы мәселелері. Оқу-тәрбие мекемелеріндегі педагогикалық процесс, қазіргі педагогиканың негізгі әдіснамалық ережелері.Білім мазмұны, оқыту принциптері, теориялары. Педагогиканың жалпы негіздері. Адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі.Тұлғаны дене шынықтыру мен спортпен шұғылдану барысында эстетикалық, адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу. Дене шынықтыру мен спорт саласында педагогикалық басқару. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы тәрбие жұмысыныңәдістемесі. Дене шынықтыру мұталімі мен жаттықтырушысының педагогикалық шгеберлігінің негіздері.</p>	2
ZhZhEP 2203	<p>Жалпы және жас ерекшеліктер психологиясы Пререквизит: педагогика, этнопедагогика, психология Постреквизит: Күтілетін нәтиже: Психология оқу пәні әрі ғылым, әрі тәжірибені қамту керек. Осы оқу пәні шеңберінде психологиялық педагогиканың идеялары мен тәжірибесінің тегі. Дене шынықтыру педагогикасының мәні мен мазмұны, негізгі категориялары, атқаратын қызметтері, міндеттері; психология-педагогикалық процесс түсінігі, оның мәні мен мазмұны; әлеуметтендіру институттары; баланың әлеуметтік-мәдени әлеміне ықпал ететін факторлар. Ақпаратты компьютерде беру керек. Мазмұны:Психологияның әдістемелік негіздері. Жеке тұлғаның психологиясы, танымдық процестер, психологиялық көңіл-күй, әлеуметтік психология, психологияның әдістері, құрылымы, даму тарихы</p>	2
DShSM 4204	<p>Дене шынықтыру және спорт менеджменті Пререквизит: эконимка, биохимия Постреквизит: биомеханика Күтілетін нәтиже: Мұғалімнің кәсіби қызметі және оның әлеуметтік-педагогикалық</p>	2

	<p>мәнін білу керек.</p> <p>Мазмұны: ДШ қозғалысын басқару жүйесіндегі негізгі ұғымдар мен қызметтер. ДШ қозғалысын басқару жүйесінің қалыптасуы мен дамуы. ДШ мен спортты басқару теориясының негізгі ережелері. Қалыптасуы мен дамуы. Дене шынықтыру саласындағы қазіргі экономикалық қатынастар. ҚР дене шынықтыру саласында білім беруді реформалау және жетілдіру. Қазақстанда спорттық резервтер дайындау жүйесі. Мугедектерге арналған спорт. Пара олимпиадалық ойындар халықаралық қозғалысының құрамы ретінде. Спорттық кешендердің теориясы мен практикасының жалпы ережелері Спорт турлері бойынша спорттық кешендер. Көпшілік дене шынықтыруға арналған спорттық кешендер.</p>	
ZhEFMG 2205	<p>Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы</p> <p>Пререквизит: анатомия, жалпы биология</p> <p>Постреквизит: Сенсорлық жүйелердің анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы</p> <p>Күтілетін нәтиже: Маманның жеке тұлғалылығын қалыптастыру және оны шынайы бағалау қабілеті, сондай-ақ, өзінің интеллектуалдық даму деңгейлерін арттыру дағдыларын меңгеру ікемділігі керек.</p> <p>Мазмұны: Балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары. Жүйке жүйесінің анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы мен жас ерекшеліктері. Жоғары жүйке әрекеті, оның бала организмі дамуының барысында қалыптасуы. Ішкі секрециялық бездер анатомиясы мен физиологиясы. Балалар мен жасөспірімдердің жыныстық жетілуінің қазіргі кезеңдегі ерекшеліктері және жыныстық тәрбиелеу. Ас қорыту ағзаларының жас ерекшеліктері. Зат пен энергия алмасуы. Тағам гигиенасы. Тірек-қимыл жүйесінің жас ерекшеліктері мен гигиенасы. Оқыту-тәрбиелеу жағдайының оқушылар денсаулығына әсері. Мектептің ғимараты мен оқу бөлмелеріне, ауа ортасына, жарықтандырылуына және құрал-жабдықтарына қойылатын гигиеналық талаптар. Балалар арасында кеңінен тараған дерттердің (анемия, йод жетіспеушілігі, қант диабеті, семіздік, көру кемшіліктері) алдын алу. Алты жастағы балаларды оқытып-тәрбиелеудің және күн тәртібінің гигиеналық негіздері. Балалар мен жасөспірімдерде саламатты өмір салтын қалыптастыру негіздері.</p>	2
KK(O)T 3206	<p>Кәсіби қазақ (орыс) тілі</p> <p>Пререквизит: орыс тілі</p> <p>Постреквизит:</p> <p>Күтілетін нәтиже: Орыс тілін оқыту мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктері, даму тарихы мен қазіргі жағдайы туралы білу және түсіну керек. Орыс тілдерінің жүйесін, құрылымы мен қызметін, тіл жүйесінің негізгі категорияларын, олардың деңгейлік құрылысын, фонетикалық және лексика-фразеологиялық жүйелердің өзгешелігін, қазіргі әдеби тілдердің грамматикалық құрылысын біліп, кәсіби қызметінде қолдана білу керек."</p> <p>Мазмұны: Кәсіби-оқу тілін дамыту : а) оқылым мен тыңдалымның дағдылары мен шеберлігін қалыптастыру, ақпараттарды мамандығы бойынша конспектiлей алу; б) оқулықтар мен дәріс көлеміндегі ғылыми стильдегі мәтіндердің түрлеріне диалогтар мен монологтар құра білу; в) Айтылымның негізгі құрылымдық-мағыналық түрлерін: монолог-сипаттау, монолог-мазмұндау, монолог-талқылау, диалог-әңгіме, диалог-сұхбат жеделдетіп оқыту.</p> <p>Кәсіби орыс (қазақ) тілі.</p> <p>Ғылыми-кәсіби тілді дамытудың: белсенді, жалпылама, кең көлемді болу дағдылары мен шеберлігін қалыптастыра білу.</p>	2
KBShT 3207	<p>Кәсіби-бағытталған шетел тілі</p> <p>Пререквизит: ағылшын тілі</p> <p>Постреквизит:</p> <p>Күтілетін нәтиже: Шетел тілдерінің лексикалық қабаттары мен стильдік мінездемесіне сәйкес ажырата білу керек.</p> <p>Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыруы, қазіргі заман талабына сай ақпараттандыру қоғамының жаңа талаптарын орындауы, оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды қолданылу керек.</p> <p>Мазмұны: Кіріспе пәндік облысы бойынша мамандығы кәсіби бағытталған шетел тілі. Кәсіби-бағытталған шетел тілі ретінде тәртіптік феномені қызмет көрсететін белгілі бір адам қызметінің аясында (мамандықтың айырмашылығын ескере отырып). Базалық категориялық-ұғымдық аппараты, оның мәнде. Кәсіби шетел терминологиясы. Арнайы кәсіби-бағдарланған материал және оны берілген кәсіби жағдайлары. Сипаттамасы мазмұнының пәндік-мамандық бойынша шет тілі.</p>	2
DShTA 3208	<p>Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі</p> <p>Пререквизит: «спорттық морфологияға негізделген анатомия», «мамандану» «дене</p>	3

	<p>жаттығуларының биомеханикасы».</p> <p>Постреквизит: «Спорт түрлері мен дене тәрбиесінің негіздері», «Дене шынықтыру мен спорттың тарихы», «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы», «Ұлттық спорт түрлері»,</p> <p>Күгілетін нәтиже: Адам өмірінің әр түрлі кезеңдерінде спортты бағытты қолдану ерекшеліктерін айқындау;</p> <p>Мазмұны: Дене жаттығуларының жалпы заңдылықтары. Дене тәрбиесіндегі зерттеу әдістері. Оқыту қағидалары. Сабақы жоспарлау. Сабақ өткізудің әдістері мен тәсілдері. Өртүрлі жастағы адамдармен жүргізілетін дене тәрбиесі. Сабақ жүктемелері мен тығыздығын анықтау әдістері.</p>	
BZhKSTA 4209	<p>Балалар мен жасөспірімдер және кәсіби спорттың теориясы мен әдістемесі</p> <p>Пререквизит: «мамандану» «дене жаттығуларының биомеханикасы».</p> <p>Постреквизит: «Спорт түрлері мен дене тәрбиесінің негіздері», «Дене шынықтыру мен спорттың тарихы», «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы»</p> <p>Күгілетін нәтиже: Спортқа дене шынықтырудың құрамдас бөлігі ретінде сипаттама беру, спорттық жаттығулардың мәнін, оның мақсатын, міндеттерін, өзіне тән принциптерін, мазмұнын, құрылымын және жоспарлау мен басқару технологиясын ашу;</p> <p>Мазмұны: Кәсіби спорт бойынша қозғалыс дағдылары мен арнайы білімдері меңгеру, спорттық шеберлікке жетуді қамтамасыз ететін ойын әдістері мен тәсілдерін орындау техникасы мен тактикасының ойын ережелерін меңгеру, жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы ойынға үйрету әдістемесін меңгеру.</p> <p>Кәсіби спорт оқып үйренуге және оларды оқыту әдістемесіне ықпал ететін пәндер: адамтану, биохимия, физиологияның жас ерекшеліктері, педагогика, психология, гигиена, спорт метрологияны, дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі.</p> <p>Кәсіби спорт бойынша қосалқы және меңгерген білімдерін пайдаланатын пәндер: спорт метрологиясы, спорт биохимия, физиологияның жас ерекшеліктері, спорт педагогикасы және спорт психологиясы, дене тәрбиесі мен спорттың теориясы мен әдістемесі және т.б.</p> <p>Пәннің оқу нәтижесінде алған білімі, икемділік дағдылары және құзыреттілігі. Дене тәрбиесі жоғарғы оқу орындарында жалпы және кәсіби мәдениеттің ажырамас бөлігі. Бұл пән әртүрлі буындағы балалар мен жеткіншектер дене тәрбиесінің бағытты ерекшеліктерін көрсету.</p>	2
ТК 2.2	Таңдау компоненті	49
КП 3	Кәсіптендіру пәндері	32
МК 3.1	Міндетті компонент	5
TSTTA 1301	<p>Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі</p> <p>Пререквизит: психология, анатомия, валеология</p> <p>Постреквизит: «гимнастика», «акробатика»</p> <p>Күгілетін нәтиже: теория мен практиканы білу</p> <p>Мазмұны: Спорт түрлерін айыра біліп, олардың негізгі ойын ережелерін білу. Сабақ кезінде сарамандық іс-қимылдарды жетілдіре білу. Сабаққа байланысты барлық іс-құжаттарды жатқа білу, оларды дұрыс толтыра білу. Дене тәрбиесінің, спорттың түрлерінің күрделі құрылымдарын айырып, семинарлық сабақтарда жауап беру пайыздығын арттыру.</p> <p>Дене тәрбиесі жөніндегі толық мағлұмат беріп, оның білім беру саласында шешуші орын алатынын әрдайым еске ала отыру. Мүмкіндігінше барлық тақырып пен тарауларды тереңдете оқыту. Оқып жатқан студенттерге оқу барысында оларды әрі педагог мұғалім, әрі спортшы-маман етіп дайындау. Білім сапасы мен өтілген тақырыптарды дұрыс толтырып, жүргізе білу. Оқу-әдістемелік, оқу-тәрбиелік сараман кезінде алған білімді толыққанды, мәнді, мазмұнды етіп көрсете білу. Салауатты өмір салтын әрдайым есте ұстап, соны іс жүзінде орындай білу және оны әруақытта дәріптеп тұру. Пәннің пайдалылығын әрқашан түсіндіру. Ең негізгі түсініктер мен терминдерді жатқа орны-орнына бөле білу, студенттерге спорт түрлерін таңдауға, оны жетілдіруге теориялық көмек беру.</p> <p>Келешекте мамандықтары бойынша жұмыс істеген кезде керек болатын білім беру. Қарапайымнан бастап, күрделі тақырыптарға байыппен ауыстырылған. Дене тәрбиесінің спорттық шығу тегінен бастап, қазіргі заманғы теория, әдістеме кешеніне дейінгі тақырыптар мен соларды өтуге керекті әдебиеттерді талдай білу, соларға сүйемел жасай отырып, керекті мазмұндарды үйрену. Мемлекеттік үлгідегі типтік бағдарламалардан аутқымай, оқу орнының өзіндік материалдық базаларын, техникалық құрал-жабдықтарын, сабақ өтетін саймандарын толыққанды іске қосып, пайыздығын</p>	3

	арттыру.	
BSTOTA 3302	<p>Базалық спорт түрлерін оқыту теориясы мен әдістемесі (мектеп бағдарламасы бойынша) Пререквизит: педагогика, психология, анатомия, физиология, философия Постреквизит: «гимнастика», «акробатика». Күгілетін нәтиже: пәннің теориясы мен практикасын және әрбір спорттың техникалық орындалуы жақсы меңгере білу Мазмұны Мектеп бағдарламасындағы базалық спорт түрлері бойынша (жеңіл атлетика, гимнастика, волейбол, баскетбол, шаңғы спорты, жүзу) болашақ дене шынықтыру мұғаліміне мүмкіндігінше тереңдете оқыту барысында тереңдете және спорт түрлерінен жаттықтырушыға қажетті кәсіби сәйкестікті қалыптастыру. Мектеп бағдарламасындағы гимнастика, жеңіл атлетика, волейбол, баскетбол, шаңғы спорты, жүзу сияқты базалық спорт түрлері бойынша дене шынықтыру мұғаліміне және таңдап алған спорт түрі бойынша жаттықтырушыға қажетті дағдылар мен біліктілікті және кәсіби білімді қалыптастыру, сонымен қатар салауатты өмір салтын, денсаулықты және тіршілікте маңызды қимыл дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.</p>	2
ТК 3.2	Таңдау компоненті	27
	Теоретикалық оқытудың барлығы:	129
ОҚТ	Оқытудың қосымша түрлері	
МК	Міндетті компонент	14-тен кем емес